

КОМПЬЮТЕРЛІК ЖҮЙЕЛЕР ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ ФАКУЛЬТЕТІНІҢ ТҮЛЕКТЕРІ



Ерғалиев Талғат Файзуллаұлы

Ерғалиев Талғат Файзуллаұлы 15 шілде 1966 жылы Целиноград облысы, Корғалжын ауданы, Жантеке ауылында туған. 1984-1986 жж. – Кеңес Әскері қатарында қызмет еткен. Әскери атағы-капитан. 1986-1991 жж. – Целиноград ауылшаруашылық институтында білім алған. Мамандығы - инженер-педагог. 1991-1992 жж. – Инженерлік педагогикалық факультет деканының орынбасары, «Ауылшаруашылық машиналар» кафедрасының оқытушысы. 1993-1999 жж. – кәсіпкерлік жұмыс, саудасаттық ұйымының директоры. 1999-2002 гг. – ЖШС «АқсайИнвестСтрой» құрылыс компаниясының директоры. 2003-2004 жж. – ЖШС «Металлстройсервис» – директор. 2004-2006 жж.. – ЖШС ҚК «Стройкласс» - бас директор. 2007-2010 жж. – ЖШС ҚК «Стройкласс» компаниялар тобының директорлар кеңесінің төрағасы. 2010 ж. - «Қазақстан құрылысшылар» Одағының төрағасы. 2012 жылы қарашадан бастап бесінші шақырылдағы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, «Ақ жол» Қазақстан Демократиялық партиясының мүшесі, партиялық тізім бойынша сайланған. Қазақстан Республикасының Мәжіліс Парламентінің экономикалық және аймақтық даму комитетінің мүшесі.



Сарманов Қайыртай Қалижанұлы

Сарманов Қайыртай Қалижанұлы 1958 жылы 20 қарашада Омбы облысы, Называевка ауданы, Демьяновка селосында дүниеге келген және бір жылдан кейін Көкшетау облысындағы Қызыл ту селосына көшіп келіп, сонда 1976 жылы №1 орта мектепті бітірген.

1985-1990 жылдары Целиноград ауылшарушылығы институтында оқып, инженер-педагог мамандығы бойынша бітіріп шықты.

1987 жылдан бастап каратэмен айналысады, 1990 жылы Целиноград ауылшарушылығы институтында оқытушы бола жүріп, оның базасында Ақмола қаласындағы алғашқы каратэ мектебін ашады. 1991 жылы Кекусинкай облыстық каратэ ұйымының негізін салады, 1997 жылы бұл ұйым ҚҰ «Шинкекусинкай каратэсінің Республикалық федерациясы» болып қайта тіркеледі, ол осы федерацияның вице-президенті қызметін атқарады.

1997 жылы «Спорт шебері», 2004 жылы «ҚР еңбегі сіңірген жаттықтырушысы» атағы берілді.

Қазіргі таңда «Республикалық каратэ орталығының» директоры.



Асаинов Марат Майнышевич

Асаинов Марат Майнышевич 1976 жылы 22 шілдеде Ақмола облысы, Атбасар қаласында дүниеге келген. 13 жасынан бастап ауыр атлетикамен айналысқан, 1987 жылы КСРО спортының шебері атағына ие болған. Әлем (1997 ж.), Европа (1998 ж.) және Азия (2000 ж.) чемпионы болды. Қазақстан Республикасына еңбегін сіңірген спорт шебері. 1991 жылы Целиноград ауылшарушылығы институтын инженер-педагог мамандығы бойынша бітірді. 2004 жылы Көкшетау университетін дене тәрбиесі және спорт мамандығы бойынша бітірді. Отбасылық жағдайы: үйленген, үш баласы бар.

Өзінің жаттықтырушы ретіндегі қызметін 1997 жылы «Энергия» спорт кешенінде әдіскер болудан бастады. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы гир спорты мен армрестлинг Федерациясының Президенті болып табылады.